

Шаруашылық басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 23 маусым N 1291 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.01.10. N 2017 Жарлығымен.

Республиканың халық шаруашылық кешенін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру, нарықтық қатынастарға бағдарланған шаруашылық басқарудың жана құрылымдарын қалыптастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Ұлттық акционерлік компаниялар, мемлекеттік акционерлік компаниялар, оның ішінде холдинг компаниялары (бұдан әрі - компаниялар) қосымшаға сәйкес құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

- екі айға дейінгі мерзім ішінде Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993 - 1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес компаниялардың құрылтай құжаттарының пакеттерін дайындасын;

- тиісті компанияларға қосылатын кәсіпорындардың тізбесін бекітсін;
- құрылатын компанияларға кіретін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін, Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасының бағыттарына сәйкес жүзеге асыру үшін комитетке берілетін пакеттен басқасын осы компаниялардың Жарғылық қорларына берсін;

- компанияларға құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін тиісті нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіппен иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.

Сол кәсіпорындар акционерленгеннен кейін мемлекеттік кәсіпорындар негізінде құрылатын акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Комитеттің сатуы үшін келіп түсетін акциялар пакетінен басқасы, тиісті компанияның иеленуіне, пайдалануына және басқаруына беріледі деп белгіленсін.

3. Компаниялардың президенттері тиісті нормативтік құжаттарда айқындалатын тәртіппен тағайындалады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне компаниялардың құрамына енгізілетін кәсіпорындардың тізбелері бойынша қажет болған жағдайда өзгерістер енгізу құқы берілсін.

5. Министрлер кабинеті, жергілікті әкімдер:
- осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті шешімдер

қабылдасын;

- осы Жарлыққа қайшы келетін нормативті актілер күшінің жойылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған кезден бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1993 жылғы 23 маусымдағы
N 1291 Жарлығына
Қосымша

Құрылатын Ұлттық, холдингтік және акционерлік
компаниялардың
Тізбесі
(Кесте)